

**Әлеуметтік жобаны іске асыру нәтижелері бойынша
қорытынды есеп**

1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы: «Маңғыстау жергілікті бастама орталығы» қоғамдық қоры
2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда): Маханбетова Жаксыгуль Шахзадаевна
3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны: Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 17 шағын аудан, 73 үй, 31 пәтер, 87013358106
4. Грантты іске асыру шеңберіндегі әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы (бағыты): «Ер жігіт - ел қорғаны». Ақтау қаласының жастары мен жасөспірімдеріне әскери-патриоттық тәрбие беру
5. Әлеуметтік жобаны және/немесе әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңінің басталу және аяқталу күні: 2024 жылдың «30» сәуір мен 2024 жылдың «29» қараша аралығы
6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы: 10 000 000 (он миллион) теңге

1. Әлеуметтік жоба шеңберіндегі іс-шараларды сипаттаңыз

1 міндет. Ақтау қаласы жасөспірімдерін отан сүйгіштікке баулуға бағытталған іс-шаралар ұйымдастыру

1 іс-шара. Ақтау қаласының жалпы білім беру ұйымдарының оқушыларының қатысуымен әскери дайындық бойынша (жалпы әскери жаттығулар жасау, саптық дайындық жүргізу, пәрмен беру, қарулы күштері түрлерінің қолдану тәсілдерін меңгеруі, алғашқы медициналық көмек) мектепшілік сайысты ұйымдастыру және өткізу

2024 жылы 23 мамырда Ақтау оқушылар сарайында Ақтау қаласының жалпы білім беру ұйымдарының оқушыларының қатысуымен әскери дайындық бойынша (жалпы әскери жаттығулар жасау, саптық дайындық жүргізу, пәрмен беру, қарулы күштері түрлерінің қолдану тәсілдерін меңгеруі, алғашқы медициналық көмек) 15 команда арасында мектепшілік сайыс өтті. Шара барысында 152 қатысушы қамтылды.

Әскери патриоттық сайыстың салтанатты ашылуына қала әкімінің орынбасары Нұртас Сали Төребекұлы қатысты, сондай-ақ Отан қорғауды кәсіп еткен, жалындаған жастығымен жігерін елдіміздің қауіпсіздігін сақтау жолына жұмсаған ардагерлер Сарсенгазиев Омар, Үсіпбаев Дайрабай Мамашұлы, Маханбетов Мақсатбек Шахзадаұлы. Сонымен қатар облыс әкімі жанындағы әйелдер істері жөніндегі комиссия және облыстық аналар кеңесі Әлібекова Светлана Базарбайқызы, Игликова Рыскүл Әлмiшқызы, №25744 теңіз жаяу әскери бөлімінің әскери қызметшілерінің отбасымен жұмыс ұйымдастыру қызметінің бастығы Шарипова Шынар Сейсенғалиевна қатысты.

Сайыстың жеңімпаздарын Ақтау қалалық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Г.Қ. Балғожаева қала әкімінің дипломын және кубогын, қатысушыларына алғыс хатын табыстады. Сайыстың қорытындысы бойынша: 1 орын - №28 ЖББМ «Жас теңізші»

командасы, 2 орын - №11 Мектеп лицей «Арлан» командасы, 3 орын - №3 ЖББМ «Ұлағат» командасы жеңімпаз аталды. Қалған командаларға, әділ қазылар алқасы мүшелерін қала әкімінің алғыс хаты табысталды.

2 іс- шара. Ақтау қаласындағы студенттер мен әскери бөлім өкілдерінің қатысуымен 3 күндік әскери патриоттық дала жиынын (әскери лагерь) өткізу және ұйымдастыру. Әскери патриоттық дала жиынын (әскери лагерь) өткізу. Кемінде 15 колледжден 100 студентті қамту.

2024 жылы 30 қыркүйек - 2 қазан аралығында №27544 әскери гарнизонында және Оймашы полигонында Ақтау қаласындағы студенттер мен әскери бөлім өкілдерінің қатысуымен 3 күндік әскери патриоттық дала жиыны (әскери лагерь) өткізілді. Қалада орналасқан 15 колледжден 100 студент, бастапқы әскери дайындық пәні оқытушылары, жалпы саны **105** адам қатысты.

Оқу жаттығу жиынының ашылу рәсімі гарнизонның шеру алаңында салтанатты түрде ҚР мемлекеттің ән ұраны орындалып, әскери бөлімі командирінің жауынгерлік дайындық бойынша орынбасары, гвардия майоры Берік Алманиязовтың ашуымен өтті. Дала жиының әскери бөлімдегі қорытындылау салтанатты шарасына №25744 әскери бөлімнің командирі Гвардия подполковнигі А. Сүлейменов қатысып, әскери дайындықтары бойынша сайыстардың жеңімпаздарын Ақтау қаласы әкімі Ә.Ж. Байпақовтың, әскери бөлімнің командирі Гвардия подполковнигі А. Сүлейменовтың, Маңғыстау жергілікті бастама орталығы қоғамдық қорының директоры Ж.Ш.Маханбетованың атынан арнайы дипломдарды және алғыс хаттарды табыстап, жиынның жоғары деңгейде өткенін атап өтіп, алғашқы әскери жетістіктерімен студенттерді құттықтады.

1 орын - «Мұрын жырау Сеңгірбекұлы атындағы Маңғыстау жоғары педагогикалық» колледжінің студенттері мен жетекшісі Асанбеков Бақыт Абенович

2 орын - Х.Өзбекғалиев атындағы Маңғыстау жоғары политехникалық колледжінің студенттері және жетекшісі Аманқалиев Кенжебек Далубаев

3 орын - «Асмет Ұлас» педагогика және қызмет көрсету инновациялық колледжінің студенттері және жетекшісі Кузьманов Қанат Елеуович Спорттық сайыстарда және әскериленген эстафетада жоғары көрсеткіштері үшін төмендегі студенттер:

- Х.Өзбекғалиев атындағы Маңғыстау жоғары политехникалық колледжінің студенттері Қосали Думан Берікұлы, Бимухан Әбу Паракхатқы
- «Асмет Ұлас» педагогика және қызмет көрсету инновациялық колледжінің студенті Мырзабаев Шапағат, Қуат Рамазан
- Қайнар колледжінің студенті Тәжімұратов Аманқожа
- «Мередиан» медицина колледжінің студенті Қуатов Саян Асқарұлы
- М.Тынышпаев атындағы Ақтау көлік колледжі студенті Жарылғап Өркен Жарылғапұлы
- «Мұрын жырау Сеңгірбекұлы атындағы Маңғыстау жоғары педагогикалық» колледжінің студенті Конавалов Ян Игоревич
- Ақтау технологиялық қызмет көрсету колледжі студенті Аллабаев Асылбек

Далалық жиынның жоғары деңгейде өтуіне үлес қосқаны үшін колледждердің бастапқы әскери және технологиялық дайындық пәні оқытушылары Б.Асанбеков, М.З. Рахимов, А.К. Қалиев, Е.С. Молдашев, Б.М. Каленов, К.Д. Аманқалиев, А. Шадғалиев, әскери қызметкерлер гвардия майоры Б.Алманиязов, гвардия 2-сыныпты сержанты А.А Асубаев, гвардия аға сержанты Исаев Мұхамеджан Бақтиярұлы, гвардия сержанты Рахметұлы Нұрым, гвардия кіші сержанты Лукманов Ануар Асланович, гвардия кіші сержанты Баймұхамед Шынғыс Баймұратұлына алғыс хаттар табысталды.

Үшінші күні дала жиыны «Мерген» пейнтбол клубында жалғасын тапты. Мұнда колледж арасында қаруды қолдану бойынша тактикалық білімін, практикада қолданды.

Сонымен қатар студенттермен Отанды қорғау, ер жігіттің азаматтық борышы, әскердегі жауынгер достық туралы келелі әңгімелері мен кеңестерімен арнайы шақырылған Тәжік-Ауған қақтығысы ардагері, лейтенант Тұрғалиев Махаббат Ғазизович және ҚР ҰҚК Шекара қызметі МО бойынша департаментінің әскери қызметшісі, сержанты Ахметов Қуат Ерқанатұлымен кездесу өтті.

https://www.instagram.com/p/DAqHSsuMD0B/?igsh=MTBkMDExYjI2cXpiMg%3D%3D&img_index=18

3 іс- шара. Білім беру мекемелерінің оқушылары және (немесе) колледж студенттерінің кемінде 150 оқушысына/студентіне арналған кемінде 3 әскери бөлімге экскурсия ұйымдастыру

2024 жылы 25 мамыр күні Ақтау қаласының білім беру мекемелерінің 152 оқушысының қатысуымен №29011 және №21814 әскери бөліміне 4 экскурсия ұйымдастырылды. Экскурсия білім беру бөлімімен және ҚР ҚМ әскери бөлімдерімен серіктестікте ұйымдастырылды. Ақтау қаласындағы орналасқан №29011 және Ақтау порты өндірістік аумағындағы №21814 әскери бөліміне (әскери кемелерге) №11, 12, 15, 17, 20, 21, 22, 23, 25, 28, 29 мектептерінің оқушылары мен бастапқы әскери дайындық пәні оқытушылары барды. Сонымен қатар, шараға әкім жанындағы әйелдер және отбасы демографиялық комиссияның және аналар кеңесі мүшесі Ағлен Таласбай, Гүлмира Әбішева, сарбаз аналары штабының мүшесі Жақсыгүл Маханбетова, қалалық білім бөлімінің жауапты маманы Наушин Бауыржан қатысты.

4 іс-шара. Ақтау қаласының білім беру ұйымдарында тарихи тұлғалардың өмірінен шағын көріністер байқауын ұйымдастыру және өткізу. (Кемінде 20 мектепті қамту)

09.09.2024 ж. – 09.10.2024 ж. аралығында Ақтау қаласының білім беру ұйымдарында тарихи тұлғалардың өмірінен шағын көріністер байқауы ұйымдастырылды. Қаланың 20 мектебінен 26 өтінім түсті. 24 қазан күні әділ қазылар алқасы 26 көріністің ішінен 7 қойылымды үздік деп анықтады. Қорытынды шараны 29 қазан күні Достық үйінде үлкен концерт залында өткізілді. Шараға Ақтау қалалық мәслихатының төрағасы С. Закенов, қалалық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Г.Қ. Балғожаева, Маңғыстау облыстық мәдениет басқармасының басшысының орынбасары Г.Б. Төлеуғалиева, аналар кеңесі мүшесі және әділ қазылар алқасы төрағасы білім беру саласының үздігі, тарихшы Р. Иглікова, ардагер журналистер А. Таласбай, М. Диханбай, білім саласының ардагері К. Ыбырай, этнограф ғалым А.Еділхан, кәсіби бокс федерациясының МОФ төрағасы Б.И. Айналиев, ҚР мәдениет қайраткері Б.Қондыбай және Ақтау қаласының білім беру мектептерінің мұғалімдері, оқушылары қатысты.

Іріктеуден өткен 7 көріністің 1 орын жеңімпазы Тұтқабай Әшімбаев атындағы № 11 лицейдің оқушылары «Шоқыр – ноктаға басы симаған аз қазақтың бірі» қойылымын сахналады, қалған 6 көріністі лэд экран арқылы көрсетілді.

Еліміздің тарихында ерекше орын алатын тарихи тұлғаларды таныту арқылы балалардың бойында патриоттық сезім қалыптастыру мақсатындағы шараның жеңімпаздарын арнайы шақырылған қонақтар мен қазылар алқасы қала әкімінің дипломымен марапаттап және ақшалай сыйлық табысталды.

I дәрежелі Дипломға - Тұтқабай Әшімбаев атындағы № 11 лицейдің «Шоқыр – ноктаға басы симаған аз қазақтың бірі» қойылымы.

II дәрежелі Дипломға - Ахмет Байтұрсынов атындағы № 28 мектептің «Ахмет Байтұрсыновтың соңғы хат» қойылымы.

III дәрежелі Дипломға - 25 мектептің «Серікбол Қондыбай- қазақтың екінші Шоқаны» атты қойылымы.

«Үздік режиссура» номинациясына - № 27 Өмірзақ мектебі, «Міржақып Дулатов» қойылымы.

«Үздік ұжымдық жұмыс» номинациясына - Мұхтар Әуезов атындағы №20 мектеп «Қасым хан» қойылымы.
«Үздік актерлық шеберлік» номинациясына - Серікбол Қондыбай ролін сомдаған №9 мектеп оқушысы Максим Рамазан.
«Үздік образ» номинациясына - «Дінмұхамед Қонаев» қойылымы №13 гимназия.

5 іс-шара. Әскери патриоттық әндер байқауы

Әскери патриоттық ән байқауы 2024 ж. 4-20 қыркүйек аралағында ұйымдастырылды. Ақтау қаласының 38 білім беру ұйымынан 52 видео өтінім қабылданды. Әділ қазылар алқасының шешімімен 18 ән орындаушылары жеңімпаз болып анықталды.

Қазылар алқасының шешіміне сәйкес жеңімпаз болып танылған орындаушылар 26 қыркүйек күні өткен қорытынды концерттік шараның бағдарламасында өнер көрсетті.

6 іс-шара. Ақтау қаласында әскери техникалар мен қарулар көрмесін, патриоттық әндер байқауының жеңімпаздарын марапаттау және әскери оркестрдің концерттік шарасын ұйымдастыру

2024 жылы 26 қыркүйекте әскери-патриоттық әндер байқауы, әскери оркестр, әскери техникалар мен қарулардың көрмесі Ақтау қаласының теңіз жағалауында (15 шағын аудан) ұйымдастырылды. Әскери патриоттық әндер байқауының жеңімпаздары және ҚР теңіз әскери күштерінің №29011 әскери бөлімінің оркестрімен бірге концерттік шараға 200 жуық оқушы өнерін көрсетті.

Әскери патриоттық ән байқауының жеңімпаздары мен қатысушылары қорытынды концертте қала әкімінің және қоғамдық қордың дипломы, ақшалай сыйлықтарымен, (жүлде қоры - 300 000 теңге), алғыс хатын Ақтау қаласының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Гүлмира Балғожаева, әділ қазылар алқасының төрағасы облыстық ғылыми-шығармашылық орталығы директорының орынбасары Нұрболат Кудусов Көшкінбайұлы, Маңғыстау жергілікті бастама орталығы қоғамдық қорының директоры Ж.Ш. Маханбетова табыстады.

Сонымен қатар, концертте әділ қазылар, әскери-патриоттық әндердің әуесқой композиторлары мен авторлары Тәжік-Ауған қақтығысы ардагері, лейтенант Тұрғалиев Махаббат Ғазизович авторлық әнін орындады.

Әскери техникалар мен қарулардың көрмесі №27544 әскери бөлімнің аумағында 30 қазан күні әскери дала жиыны қатысушыларына ұйымдастырылды. Көрмеге түрлі әскери техникалар мен қарулар қойылды.

Теңіз жағалауындағы шараға 1500 қала мектептері, бала-бақша балалары мен колледж студенттері келді, 1000 жуық қала тұрғындары тамашалады.

2 міндет. Жобаның барысы бойынша жұртшылықты ақпараттандыру

1 іс-шара. Жобаны БАҚ арқылы ақпараттық сүйемелдеуді қамтамасыз ету

Жоба аясындағы іс-шаралар Маңғыстау газеті басылымында - 5 мақала, mangystaumedia.kz сайтына 1 мақала, otpannews.kz сайтында 3 мақала, сонымен қатар «Maңғыстау» телеарнасында 3 сюжет, www.inaktau.kz сайтына 4 мақала жарияланды.

2 іс-шара. Шаралар барысы бойынша бейне роликтер даярлау.

Әр шара кезеңінде фото және бейнеге түсіру қызметі ұйымдастырылды. Бейнероликтер даярланып, әр шара бойынша фото жинақ мұрағаты бар.

1) <https://www.instagram.com/reel/DAao56sM9yo/?igsh=cDZzeWJxcWVzaGt5>

- 2) <https://www.instagram.com/reel/DA3U5JRsexl/?igsh=MXhyZHRsNTRveHNjOA%3D%3D>
- 3) https://www.instagram.com/reel/DAsTh_tMJPn/?igsh=emkxN2FpenhpNGlz
- 4) <https://www.instagram.com/reel/DAtDsWxMlD8/?igsh=YWZobmgYdG1mZDg0>
- 5) https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=122168721656250680&id=61557520400880&mibextid=wwXIfr&rdid=Upt9yQNIQ1Xiw9Ys
- 6) <https://www.instagram.com/reel/DAtB6gHMqVn/?igsh=MWwybWpvYjJzYnByag%3D%3D>
- 7) <https://www.instagram.com/reel/DDG765qOHBd/?igsh=MXNyazU1d3Zxc21z>

3 іс-шара. Әлеуметтік желілерде шаралардың барысы бойынша ақпарат орналастыру.

Ақтау қаласы әкімдігінің сайтында, әлеуметтік парақшаларында, Маңғыстау жергілікті бастама орталығы қоғамдық қорының, қала әкімдігінің, білім бөлімінің, білім ұйымдарының әлеуметтік парақшаларында 30 астам пост жарияланды.

Кестені толтырыңыз және алынған нәтижелерді жоспарланған нәтижелермен салыстырыңыз:

Жобаның мақсаты:	Ақтау қаласының 1000 ға жуық жастары мен жасөспірімдерін 2024 жылы тарихи тұлғалардың және әскери өмірмен таныстыру, елді қорғау ер жігіттің азаматтық борышы екенін саналы түрде сезінуге ықпал ету, патриоттық санасын қалыптастыру.
Жобаны іске асырудан қол жеткізілген нәтиже:	Әскери дайындық бойынша мектепшілік сайысты ұйымдастырылды, 15 команда қатысты, 172 қатысушы қатысты. Әскери патриоттық 3 күндік дала жиынын (әскери лагерь) өткізілді, 15 колледжден 100 студент және бастапқы әскери дайындық пәні мұғалімдері, барлығы 110 қатысушы қамтылды. Әскери бөлімдерге қала мектептерінің 150 оқушысына 4 экскурсия ұйымдастырылды; Тарихи тұлғалардың өмірінен шағын көріністер байқауына 20 мектептен 27 өтінім түсті, 7 үздігі іріктеліп қорытынды шарада 1 көрініс және 6 -уы лэд экранда көрсетілді. Әскери техникалар мен қарулардың №27544 әскери бөлімнің 1 көрмесі, №29011 әскери бөлімнің оркестрінің және жеңімпаздардың концерті теңіз жағасында ауқымды іс шара болып ұйымдастырылды. Жобаның барысы бойынша жұртшылықты ақпараттандыру. Жоба аясындағы іс-шаралар Маңғыстау газеті басылымында -5 мақала, mangystaumedial.kz сайтына 1 мақала, otpannews.kz сайтында 3 мақала, сонымен қатар «Маңғыстау» телеарнасында 4 сюжет, www.inaktau.kz сайтына 4 мақала жарияланды. Әр шара кезеңінде фото және бейнеге түсіру қызметі ұйымдастырылды. 11 бейне ролик даярланды. Әр шара бойынша 5 фото жинақ мұрағаты бар. Ақтау қаласы әкімдігінің сайтында, әлеуметтік парақшаларында, Маңғыстау жергілікті бастама орталығы қоғамдық қорының, қала әкімдігінің, білім бөлімінің, білім ұйымдарының әлеуметтік парақшаларында 50 ден астам пост жарияланды.

Міндет	Міндет шеңберіндегі іс-шаралар	Өткізілу күні	Өткізілу орны	Қатысушылардың саны	(Іс-шараларға) қол жеткізілген қысқа мерзімді нәтижелер	Сандық және сапалық көрсеткіштер	Индикаторлар		Ұзақ мерзімді келешектегі нәтижелері/әсері (міндеттерге)
							жоспар	факт	
1 міндет. Ақтау қаласы жасөспірімдерін Отан сүйгіштікке баулуға бағытталған іс-шаралар ұйымдастыру.	Ақтау қаласының жалпы білім беру ұйымдарының оқушыларының қатысуымен әскери дайындық бойынша (жалпы әскери жаттығулар жасау, саптық дайындық жүргізу, пәрмен беру, қарулы күштері түрлерінің қолдану тәсілдерін меңгеруі, алғашқы медициналық көмек) мектепшілік	23 мамыр	Ақтау қаласы 17 ш/а Оқушылар сарайы	172	Ақтау қаласының мектептерінен 15 команда арасында мектепшілік әскери патриоттық сайыс өтті.	Тапсырыс берушімен келісілген сайыстың ережесі (екі тілде) қатысушылар саны келісілген бағдарлама сайыстың хаттамасы әділ-қазы құрамы және олар туралы ақпарат мектептерге, серіктестерге жолданған хаттар шақырылатын қонақтар тізімі анонс хабарлама диплом мен статуетканың үлгісі БАҚ жарияланым бейнепікір әлеуметтік	1(екі тілде) 150 1 1 1 29 1 1 1 5 3 1	1(екі тілде) 150 1 1 1 29 1 1 1 5 3 1	Әскери спорттық сайыстардың жасөспірімдерді жігерлендіреді, бастапқы әскери дайындық сабағына деген құлшынысы оянады. Тәжірибе алмасу арқылы кәсіби біліктілігі артады, дайындық көрсеткіштері және кемшіліктері анықталады.

	сайысты ұйымдастыр у және өткізу					желідегі жарияланым фото,бейнеролик баннер	10/1 1	10/1 1	
	Ақтау қаласындағы студенттер мен әскери бөлім өкілдерінің қатысуымен 3 күндік әскери патриоттық дала жиынын (әскери лагерь) өткізу және ұйымдастыр у. Әскери патриоттық дала жиынын (әскери лагерь) өткізу. Кемінде 15 колледжден 100 студентті қамту.	29.09.24 01.10.24 02.10.24	Ақтау қаласы 42 км Құрық жолы Әскери бөлім Оймашы полигоны	110	Маңғыстау облыстық білім басқармасы, Ақтау қаласы әкімдігі, №27544 әскери гарнизонмен ынтымақтастықта 3 күндік дала жиыны әскери бөлімде, оймашы полигонында ұйымдастырылды. Оған Ақтау қаласында орналасқан колледждерден 100 студенті және әскери дайындық пәні мұғалімдері қатысты. Бірінші күні студенттер әскери бөлімдегі сарбаздардың күнделікті өмірімен, әскердің жарғысымен, гарнизонның әскери техникаларыны	Тапсырыс берушімен келісілген дала жиыны ереже Тапсырыс берушімен келісілген бағдарлама анонс ролик эпикировка (футболка, бейсболка) үлігісі тудың үлгісі қатысушы тізімі шақырылған қонақтар тізімі колледждерге жолданған хат өтінім үлгісі қорытынды ақпарат диплом, алғыс хат үлгі газетке шыққан мақала	1 (2 тілде) 1 (2 тілде) 1 1 (110 тираж) 1 100 (15 колледж ден) 1 15 1 1 1 (тираж - 40) 1	1 (2 тілде) 1 (2 тілде) 1 1 (110 тираж) 1 100 (15 колледж ден) 1 15 1 1 1 (тир - 40) 1	Отан алдындағы азаматтық борышын өтеуге деген құлшыныстары артады. Әскерге деген оң пікір қалыптасады. Әскерге баратын жастардың саны артады.

					II көрмесімен танысты, тренажерларды оқу жаттығудан, саптық дайындық сабағынан өтті әскери күрес көрсетілімін тамашалады. Спорттық жаттығудан алғашқы нормативтер тапсырды. Сарбаздар асханасының дәмін татты. Кешке гарнизонның Оймашы полигонына барып сарбаздардың палаткасына орналасты. Екінші күні сарбаздар өмірінің бір күнін басынан өткерді. Таңғы ояту, дене шынықтыру, жорық	бейнепікір телеарнаға шыққан сюжет фото, бейне ролик әлеуметтік желіге шыққан пост және бейнеролик саны	10 1 30 сурет 3 видео 3	10 1 30 сурет 3 видео 3	
--	--	--	--	--	---	---	--	---	--

					асханасының тағамы, арнайы атыс алаңында қарумен жаттығулар, колледж аралық әскерилендірген эстафета қатысушы студенттерді өздерін әскерде жүргендей сезінді. Үшінші күні дала жиының әскери бөлімдегі қорытындылау салтанатты шарасына 25744 әскери бөлімнің командирі Гвардия подполковнигі А. Сүлейменов қатысып, әскери дайындықтары бойынша сайыстардың жеңімпаздарын Ақтау қаласы әкімі Ә.Ж. Байпақовтың, әскери бөлімнің командирі Гвардия				
--	--	--	--	--	---	--	--	--	--

					подполковнигі А. Сүлейменовтың, Маңғыстау жергілікті бастама орталығы қоғамдық қорының директоры Ж.Ш.Маханбетов аның атынан диплом және алғыс хаттарды табысталды. Сонымен қатар студенттерге ҚР ҚК ардагерлерімен, кездесу мен «Мерген» пейнтбол клубында команда аралық сайыс өткізілді.				
	Білім беру мекемелерін ің оқушылары және (немесе) колледж студенттерін ің кемінде 150 оқушысына/	25 мамыр 8.00 - 16.00	Ақтау қаласы	150	Қалалық білім беру бөлімімен серіктестікте Ақтау қаласындағы орналасқан №29011 және №21814 әскери бөліміне (Ақтау порты өндірістік аумағындағы	қатысушылар саны тапсырыс берушімен келісілген экскурсия саны экскурсия кестесі тапсырыс берушімен келісілген	150 3 1 3	150 3 1 3	Отан алдындағы азаматтық борышын орындайтын жастардың саны артады, әскер туралы оң пікір қалыптасады.

	студентіне арналған кемінде 3 әскери бөлімге экскурсия ұйымдастыру				кемелерге) 4 экскурсия ұйымдастырылды. Оқушылар Қазақстан теңіз әскери күштері бөлімдерінің тарихымен, жауынгерлік қызметімен және техникаларымен танысты. Экскурсияға Ақтау қаласының №11,12,15, 17, 20,21,22,23,25,28, 29 мектептерінің 150 оқушы мен мұғалімдері қатысты.	бағдарламасы колледждерден жиналған өтінім үлгісі мақала газетке әлеуметтік желіге шыққан пост бейнепікір фото , бейнеролик	1 1 6 5 5 фото 1 бейнеролик	1 1 6 5 5 фото 1 бейнеролик	
	Ақтау қаласының білім беру ұйымдарында тарихи тұлғалардың өмірінен шағын көріністер байқауын ұйымдастыру және өткізу. (Кемінде 20 мектепті	29 қазан 15.00	Ақтау қаласы Достық үйі	20 қойылым	9.09-9.10 аралығында Тарихи тұлғалардың шағын көрініс байқауы туралы хабарлама білім бөліміне жолданып, әлеуметтік желіге жарияланды. Байқауға 20 мектептен 27 қойылымға өтінім түсті. Әділ	тапсырыс берушімен келісілген тарихи тұлғалардың тізімі тапсырыс берушімен келісілген байқау ережесі көріністер видеосы қатысушылар тізімі қатысушы	1 (20-дан кем емес) 1 (екі тілде) 20 1 20-дан	1 (20-дан кем емес) 1 (екі тілде) 20 1 20-дан кем	Еліміздің дамуына үлес қосқан тарихи тұлғалардың өмірі туралы мағлұмат алған жасөспірімдер де елге қызмет ету деген жауапкершілікті сезінеді.

	қамту)				қазылар алқасының шешімімен 24 қазанда жеңімпаздар анықталды. Қорытынды шара Достық үйінің үлкен залында ұйымдастырылды. Жеңімпаздардың бейне қойылымдары лэд экраннан көрсетілді. 1 орын жеңімпазы қойылымын көрермендер сахнада тамашалап, тәнті болды. I орын Т. Әшімбаев ат. № 11 МЛ «Шоқыр – ноқтаға басы симаған аз қазақтың бірі» II орын А. Байтұрсынов ат. № 28 ОМ «Ахмет Байтұрсыновтың соңғы хаты» III орын	мектептер тізімі Байқаудың анонсы Тапсырыс берушімен келісілген байқаудың сценарийі Әділ-қазылар құрамы (тізім, олар туралы ақпарат) Жарияланған анонс-хабарлама Өтінім үлгісі диплом және сыйлық үлгісі жеңімпаздарды нақтылаған хаттама жүлде қоры жүлде қорын беру ведомосі бейнепікір газетке шыққан мақала телесюжет әлеуметтік желіге шыққан пост	кем емес 1 (екі тілде) 1 1 1 (екі тілде) 1 1 1 200 000 теңге 1 5-тен кем емес 1 1 5 30 фото 1	емес 1 (екі тілде) 1 1 1 (екі тілде) 1 1 200 000 теңге 1 5-тен кем емес 1 1 5 30 фото 1	
--	--------	--	--	--	---	---	--	---	--

					№25 ОМ «Серікбол Қондыбай- қазақтың екінші Шоқаны» номинациялар: «Үздік қойылым» № 27 Өмірзақ ОМ, «Міржақып Дулатов». «Үздік ұжымдық жұмыс» М. Әуезов ат. №20 ОМ «Қасым хан». «Үздік актерлық шеберлік» Серікбол Қондыбай ролін сомдаған № 9 ОМ оқушысы Максим Рамазан. «Үздік образ» «Дінмұхамед Қонаев» № 13 гимназия.	фотожинақ видео баннер	30 фото 1 1	1	
	Әскери патриоттық әндер байқауы					Тапсырыс берушімен келісілген байқау ережесі Байқауға қатысуға толтырылатын өтінім үлгісі Жолданған	1 екі тілде 1 екі тілде Кемінде	1 екі тілде 1 екі тілде Кемінде	

						хаттар Әділ-қазылар құрамы және олар туралы ақапарат байқауға қатысушылар саны жеңімпаздар хаттамасы фото/видеоесеп Әлеуметтік желіге жарияланған видео-өтінімдер Жұлде қоры Жұлде қорын табыстау ведомсті	3 1 1 1 5/1 1 дайджес т 300 000 теңге 1	3 1 1 1 5/1 1 дайджес т 300 000 теңге 1	
	Ақтау қаласында әскери техникалар мен қарулар көрмесін, патриоттық әндер байқауының жеңімпаздар ын марапаттау және әскери оркестрдің концерті	26.09	Ақтау қ-сы Теңіз жағалауы	2000	Қалалық әкімінің қолдауымен, білім беру бөлімімен, ҚР ҚМ 29011 әскери-теңіз базасының әскери оркестрімен және балалар мен жасөспірімдер арасында өткен әскери-патриоттық әндердің онлайн байқауының	Тапсырыс берушімен келісілген іс-шара бағдарламасы/жоспары әскери техникалар мен қарулар көрмесі әскери оркестрдің концерті фото/видеоесеп	1 1 1 30 фото/1 видео	1 1 1 30 фото/1 видео	Патриоттық ән орындауға деген қызығушылықтары артады. Жасөспірімдер мен балалардың Отанға деген сүйіспеншілігі артады.

	шарасын ұйымдастыр у				қорытынды концерті 15 шағын ауданда теңіз жағалауында өтті. Әскери техникалар көрмесі саяси ахуалға байланысты (референдум) 27544 әскери бөлімінің базасында ұйымдастырылды. Байқау жеңімпаздары мен қатысушылары қорытынды концертте қала әкімінің және қоғамдық қордың дипломы, алғыс хатымен және де ақшалай сыйлықтарымен, марапатталды.	газетке шыққан мақала телеарнаға шыққан сюжет әлеуметтік желіге шыққан пост Қатысушылар саны (оның ішінде кемінде 500 мектеп оқушысы және колледж студенттері) патриоттық эндер байқауының жеңімпаздарын марапаттау диплом мен сыйлықтар үлгісі қатысушыларды ң бейнепікір	1 1 10-нан кем емес 2000- нан кем емес 1 5	1 1 10-нан кем емес 2000- нан кем емес 1 5	
2 міндет. Жобаның барысы бойынша жұртшыл ықты ақпаратта ндыру.	Жобаны БАҚ арқылы ақпараттық сүйемелдеуд і қамтамасыз ету.					газетке мақала баспасөз релиз телесюжет	5 5 3	5 5 3	

	Шаралар барысы бойынша бейнероликтер даярлау Әлеуметтік желілерде шаралардың барысы бойынша ақпаратты орналастыру					Бейнероликтер Шаралар бойынша дайджест (шаралар барысындағы бейнероликтер, фотолар қордың және облыстық аналар кеңесінің, білім беру ұйымдарының әлеуметтік парақшаларынан сілтемелер мен скриндар)	1 Әр шараға 1-ден кем емес 1	1 Әр шараға 1-ден кем емес 1	
Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентациясы	Жоба нәтижесінің қорытынды жария презентациясы					Презентация бағдарлама фото, видео әлеуметтік желіге пост қатысушылар тізімі	1 1 1 2 1	1 1 1 2 1	Қоғамдық қордың атқарған іс шарасы оң бағасын алады. Серіктестердің сенімі артып, келесі жобаларда ынтымақтастықтары нығаяды.
Шарт талаптарына	Жоба аясындағы шараларды	Мамыр қазан	Ақтау	Газетке , сайтқа мақала		әлеуметтік желілерге арналған пост	30	30	Патриоттық тәрбие беру жұмысының

сәйкес жобаның орындалу барысы туралы ақпараттық жұмыс	әлеуметтік желілер арқылы насихаттау					әлеуметтік желілерге арналған қысқа бейне	11	11	жүргізілуі туралы ақпараттардың қоғамды қанағаттандырады .
	БАҚ –та ақпарат орналастыру					"Маңғыстау, «Огни Мангистау» газет басылымдарында жоба аясындағы шаралар туралы ақпарат жариялау облыстық, қалалық сайттарда ақпарат орналастыру	3	3	
	Облыстың телеарнасындағы ақпарат					интервью, жаңалықтар арқылы жоба туралы ақпарат	2 3	2 3	

Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі/егер бар болса, жоспардан ауытқудың негіздемесі: Жоспарланған міндеттер орындалды, сандық және сапалық индикаторларға қол жеткізілді

Әлеуметтік жобаның әлеуметтік-экономикалық әсерін көрсететін кестені толтырыңыз

	Индикатор	Өлшем бірлігі	Жоспарланған деңгейі	Нақты деңгейі
1.	Тікелей бенефициарлардың саны	адам	2500	2500
2.	Жанама бенефициарлардың саны (БАҚ-та жарықтандыру есебінен)	адам	2000	10000

3.	Штаттық қызметкерлердің саны	адам	2	2
4.	Тартылған мамандардың саны	адам	-	-
5.	Қамтылған ҰЕҰ саны	ұйым	2	2
6.	Гранттың жалпы сомасынан еңбекақы төлеу қоры	теңге	2 205 000	2 205 000
7.	Салықтар (тек штаттық қызметкерлердің ӘС, ӘА, МӘМС)	теңге	265188	258 888
8.	Экономикаға қосқан үлесі (тауарлар мен қызметтерді сатып алу)	теңге	7 529 812	7 434 689,35
9.	Әлеуметтік жоба серіктестерінің саны (заңды және/немесе жеке тұлғалар)	ұйым/адам	11	11

2. Мақсатқа жету (фактілерді сипаттау және мақсатқа жету туралы дәлелдерді көрсету): Жоғарыда аталған іс-шаралар мен жобалардың ұйымдастырылуы Маңғыстау облысында әскери патриотизмді арттыру, жас ұрпақты әскери дайындыққа баулу және қоғамдық сананы көтеру мақсатында маңызды қадамдар болды. Әрбір ұйымдастырылған шараның нәтижелері осы мақсаттарға жетуге үлес қосты:

- 1. Әскери дайындық бойынша мектепшілік сайыс:** Бұл сайысқа 15 команда қатысып, 172 қатысушы өз біліктіліктерін көрсетті. Бұл іс-шара жасөспірімдер арасында әскери білім мен дағдыларды жетілдіруге бағытталды, әрі көптеген қатысушылардың әскери қызметке деген қызығушылығын арттырды.
- 2. Әскери патриоттық 3 күндік дала жиыны (әскери лагерь):** 15 колледжден 100 студент және 10 мұғалімнің қатысуымен өткізілген лагерь жастардың әскери тәртіп, әскери қызметке деген жауапкершілігін арттырып, олардың патриоттық сезімдерін нығайтты. Бұл шараның нәтижесінде жастар арасында бірлік, күш-жігер және Отанға деген құрмет сезімдері күшейді.
- 3. Әскери бөлімдерге экскурсия:** Қала мектептерінің 150 оқушысына арналған экскурсиялар оларды әскери бөлімдермен таныстырып, әскери қызметтің маңыздылығын ұғындыруға мүмкіндік берді. Бұл экскурсиялар жас ұрпақтың әскери мамандықтарға деген қызығушылығын оятып, өз елінің қорғаныс саласына деген құрметін арттырды.
- 4. Тарихи тұлғалардың өмірінен шағын көріністер байқауы:** 20 мектептен түскен 27 өтінімнен іріктеліп, үздік көріністер 7 мектептің қатысуымен қорытынды шарада көрсетілді. Бұл байқау оқушыларды тарихи тұлғалардың өмірімен таныстырып, олардың ерлік пен патриотизмге деген құрметін қалыптастырды.
- 5. Әскери техника мен оркестр концерттері:** №27544 әскери бөлімде техникалардың көрмесі, №29011 әскери бөлімнің оркестрінің және жеңімпаздардың концертті теңіз жағасында ұйымдастырылды. Бұл шаралар қоғамдық іс-шаралар мен мәдени шаралардың үйлесімділігін көрсетіп, азаматтардың әскери салаға деген қызығушылығын арттырды.
- 6. Ақпараттандыру мен насихаттау:** Жоба барысында жұртшылықты ақпараттандыру мақсатында 5 басылым мен 4 телеарна арқылы хабарландырулар жарияланды, 11 бейне ролик пен 5 фото жинақ мұрағаты дайындалды. Бұл шаралар ақпараттық қамтуды кеңейтті, әлеуметтік желілерде 50-ден астам пост жарияланып, мақсатты аудиторияға толық жеткізілді.

Бұл іс-шаралар мен ақпараттық жұмыстар бірлесіп, жобаның негізгі мақсаты — әскери патриотизмді насихаттау мен жас ұрпақты әскери қызметке тартуды толықтай жүзеге асырды. Жастардың әскери дайындыққа қызығушылығы артты, қоғамның әскери қызметке деген көзқарасы жақсарды, әрі бұл шаралар көпшілік арасында патриоттық рухты нығайтты.

3. Әлеуметтік жобаның аяқталуы және/немесе іске асырылуы барысында болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу

Жобаға дейінгі ахуал:

1. **Әскери патриотизм деңгейі төмен болды:** Жас ұрпақ арасында әскери қызметке қызығушылық төмен, әскери білім мен дағдыларды меңгеруге деген мотивация әлсіз болды. Әскери қызметті, оның қажеттілігін және патриотизмді арттыруға бағытталған бағдарламалар мен шаралар жеткіліксіз еді.
2. **Әскери қызметке деген теріс көзқарас:** Қалалық және ауылдық мектептердің оқушылары арасында әскери қызмет туралы жалпы түсінік және қызығушылық шектеулі болды, ал патриоттық тәрбие көбінесе дәстүрлі емес әдістермен, аз зерттелген салалар арқылы жүзеге асырылды.
3. **Әскери-техникалық білім мен дағдылардың аздығы:** Әскери дайындыққа қатысты мектептерде және оқу орындарында арнайы білім беру бағдарламаларының жетіспеушілігі байқалды.
4. **Әлеуметтік ақпараттандырудың жеткіліксіздігі:** Әскери патриоттық тақырыптағы іс-шаралар туралы ақпараттық кампаниялар мен қоғамдық талқылаулар аз жүргізілді.

Жоба аяқталғаннан кейінгі ахуал:

1. **Әскери патриотизм деңгейінің жоғарылауы:** Жоба аясында өткізілген іс-шаралар (мектепшілік сайыс, әскери лагерь, экскурсиялар) жастар арасында әскери қызметке деген қызығушылықты арттырды. Әскери дайындықты ұстанатын және бұл саланың маңыздылығын түсінетін жастар саны көбейді. Бұл өзгеріс әсіресе мектеп оқушылары мен студенттер арасында байқалды.
2. **Әскери қызметке деген көзқарастың жақсаруы:** Әскери бөлімдерге экскурсиялар мен әскери техникалардың көрмелері жастарға әскери қызметтің мәні мен мақсатын нақты таныстыруға мүмкіндік берді. Нәтижесінде, жастардың әскери қызметке деген көзқарасы өзгеріп, патриотизмге деген құрметі артты.
3. **Әскери білім мен дағдыларды меңгеру деңгейінің артуы:** Әскери лагерь мен мектептердегі сайыстар жасөспірімдер мен студенттер арасында әскери білім мен дағдыларды меңгеруге ықпал етті. Бұл іс-шаралар барысында қатысушылардың әскери қызметке дайындық деңгейі жоғарылап, олардың топтық жұмыс және жеке дағдыларын дамытуға мүмкіндік берді.
4. **Ақпараттандыру деңгейінің артқаны:** Әлеуметтік желілерде, басылымдарда және телеарналарда жарияланған мақалалар мен сюжеттер арқылы жоба аясындағы іс-шаралар туралы ақпарат көпшілікке кеңінен таралды. Бұл, өз кезегінде, қоғамның әскери қызметке деген қызығушылығын арттырып, әлеуметтік мәселелер туралы хабардарлықты жоғарылатты. Әлеуметтік парақшаларда 50-ден астам пост жарияланып, жобаға деген қызығушылықты арттырды.
5. **Қоғамдық сананың өзгеруі:** Жоба барысында патриоттық рухты көтеру мақсатында өткізілген шаралар, әскери қызметтің маңызын ұғындыру қоғамдық санада өзгерістер туғызды. Жастар мен қоғам мүшелері арасында Отанға деген сүйіспеншілік, құрмет және өз елінің қорғаныс жүйесіне деген қызығушылық ұлғайды.

Жоба барысында шешілген проблемалар мен міндеттер:

1. **Әскери білім мен дағдыларды жетілдіру:** Жоба аясында өткізілген әскери дайындық бойынша шаралар әскери білім беру жүйесінің жетіспеушілігін толықтырды және жастардың әскери қызметке дайындық деңгейін көтерді.

2. **Патриотизмді арттыру:** Жобаның мақсаттарына жету барысында жастар мен қоғам арасында патриоттық тәрбиеге ерекше көңіл бөлінді. Әскери қызметке деген құрмет қалыптасты, жас ұрпақтың ел алдындағы жауапкершілігі артты.
3. **Ақпараттандыру:** Әлеуметтік желілер мен басылымдарда жоба туралы ақпараттар көпшілікке жеткізіліп, қоғамдық санада әскери қызметтің маңызы мен патриоттық іс-шараларға деген қызығушылық артып, әскери тақырыпта ашық пікірталас орын алды.

Қорытынды: Жоба іске асырылғаннан кейін әлеуметтік өзгерістер айтарлықтай болды: жастар арасында әскери патриотизм күшейіп, әскери қызметке деген қызығушылық артты, қоғамдық ақпараттандыру деңгейі көтеріліп, жастарды тәрбиелеу мен оларды патриоттық рухта тәрбиелеу ісінде маңызды нәтижелерге қол жеткізілді.

4. Әлеуметтік жобаға қатысушылар бөлінісінде статистикалық ақпарат (бағдарламалық аралық есепті ұсыну кезінде):

Гендерлік көрсеткіш:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Ерлер	Әйелдер
2500	1275	1225

2) Санаттар бойынша әлеуметтік мәртебе:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Балалар (оның ішінде мүгедек балалар)	Жастар	Мемлекеттік қызметкерлер	Бюджеттік ұйымдар жұмысшылары	Мүгедектігі бар тұлғалар	Егде жастағы адамдар (50 жастан жоғары), оның ішінде	Жұмыссыздар	Қоғамдық ұйымдардың өкілдері	Бизнес-сектор өкілдері	Басқа санаттар
2500	630	1550	35	135	7	145	-	18	15	-

3) Жас көрсеткіші:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	13-16 жас	17-22 жас	23-27 жас	28-32 жас	33-45 жас	46-58 жас	59 жас және одан жоғары
2500	630	850	445	255	175	75	70

5. Әлеуметтік жобаның нәтижелері:

1) көрсетілген нысаналы топтардың әлеуметтік жобаны іске асыру барысында (сандық көрсеткіштерді, сапалық өзгерістерді сипаттай отырып) алған нақты нәтижелері:

Әлеуметтік жобаны іске асыру барысында барлық нысаналы топтар айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізді. Мектеп оқушылары мен студенттер әскери дайындық деңгейін арттырып, әскери қызметке деген қызығушылықтары мен патриоттық сезімдері күшейді. Әскери қызметкерлер мен бастапқы әскери дайындық пәні мұғалімдері жаңа әдістер мен тәжірибе жинақтап, өз оқушыларын тәрбиелеу мен оқытуда тиімділікті арттырды. Ақпараттық жұмыстар арқылы жобаның маңыздылығы мен әскери қызметке деген құрмет қоғамға кеңінен тарады, әлеуметтік желілер мен медиа ресурстарда 50-ден астам пост жарияланып, қоғамдық сананың өзгеруіне ықпал етті.

2) Жобаны іске асыру барысында шешілуге тиісті проблемаға жобаның ұзақмерзімді ықпалы (жобадан туындаған осы немесе өзге саладағы болжамды оң/жағымсыз өзгерістерді негіздеу):

Жоба аясында өткізілген іс-шаралар Ақтау қаласындағы жасөспірімдердің отан сүйгіштік сезімін қалыптастыруға бағытталды. Бұл шаралар әскери-патриоттық сайыстар, дала жиындары, экскурсиялар мен көрініс байқауларын қамтып, оқушылар мен студенттердің әскери дайындық, тарихты тану, қоғамдық қызметке қатысу дағдыларын дамытуға ықпал етті. Жоба барысында жас ұрпақтың әскери білім алуына, отан қорғау міндетіне құрметпен қарауына, ұлт тарихына деген қызығушылықтары мен патриоттық сезімдерінің қалыптасуына жағдай жасалды.

3) Іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері:

Іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері бірнеше бағытта көрініс тапты. Біріншіден, жасөспірімдердің патриоттық тәрбиесі мен азаматтық жауапкершілігін арттыру арқылы қоғамда тұрақтылық пен ұлттық бірлікке ықпал етті. Екіншіден, әскери дайындық пен тарихи тұлғалар туралы білім беру арқылы жастардың кәсіби дағдылары мен тұлғалық қасиеттері дамыды. Бұл жоба жастарды еңбек нарығына бейімдеуге, сондай-ақ, жастар арасында жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін арттыруға негіз болды. Экономикалық тұрғыдан алғанда, іс-шаралар жергілікті бизнес пен қызмет көрсету саласының дамуына ықпал етіп, мәдени және әлеуметтік инфрақұрылымды нығайтты. Сонымен қатар, қоғамдық ұйымдар мен мемлекеттік құрылымдардың бірлескен жұмысы арқылы қоғамда өзара түсіністік пен ынтымақтастықтың артуына жағдай жасалды.

6. Әлеуметтік жобаны іске асыруға қолдау көрсеткен серіктестердің (бар болса), билік органдарының, құрылымдардың үлесін талдау: оларды тарту қаншалықты қажет болды, бұл әлеуметтік жобаны қалай күшейтті, қандай сабақтар алынды, өзара іс-қимылды қалай жалғастыру жоспарлануда? Әлеуметтік жобаны жүзеге асыру барысында 11 мүдделі тарап қолдау көрсетті. Тараптармен қиындық болған жоқ. Барлық тараптармен ынтымақтастықта жұмыс жасалды. Серіктестігіміз нығайып, сенімді серіктестігіміз артты.

Әлеуметтік жобаның серіктестері

Жобаны іске асыруға тікелей қатысатын, қызметі жобаның нәтижелеріне әсер етуі мүмкін ұйымдар. Серіктестерге логистика, тамақтану, жол жүру және т.б. бойынша қызмет көрсететін жеткізушілер кірмейді.

Ұйымның атауы/ Серіктестің ТАӘ	Жобадағы рөлі	Ұйымның, серіктестің	Ескерту
-----------------------------------	---------------	-------------------------	---------

		байланыстары	
Құлтеменова Тоты Ақтау қалалық білім бөлімі басшысы м.а	Білім беру ұйымдарының оқушылары мен мұғалімдерінің жобаның іс- шараларына қатысуын қамтамасыз ету	+7 701 582 0128	
Наушин Бауыржан Закиевич Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің «Оқу-әдістемелік орталығы», әдіскері	Жоба аясындағы іс шараларға қатысушылар туралы мәліметті жинақтауға, ақпараттардың білім беру ұйымдарына уақтылы жетуін қамтамасыз ету	+7 701 386 9631	
Балғожаева Гүлмира Қуатқызы Ақтау қалалық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімінің	Жоба аясындағы іс –шаралардың жоспарларын, бағдарламаларын, ережелерін бекітеді, салтанатты шараларға қатысады	+7 701 222 4810	
Қажымұхан Қалибайұлы Ақтау қалалық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы	Тапсырыс берушінің жобаға бекітілген жауапты маманы, қала әкімдігіне қатысты алынатын іс шараларды ұйымдастырады	+7 701 659 6096	
Гарабаев Тажен Маңғыстау облыстық білім басқармасының білім берудің оқу-әдістемелік орталығының әдіскері	Ақтау қаласында колледж студенттерінің әскери дала жиынына қатысуын ұйымдастыру	+7 705 393 9211	
Жұмашева Жанаргүл Бекболатқызы Маңғыстау облысының білім басқармасының "Оқушылар сарайы" Директоры	Әскери патриоттық сайыс өтетін орынмен қамтамасыз ету	+7 775 653 0077	
Сүлейменов Азамат ҚР ҚМ №27544 ә/б Гарнизон командирі, подполковник	Әскери патриоттық дала жиынының әскери бөлімде және полигонда өткізілуін қамтамасыз етеді.		
Алманиязов Берік ҚР ҚМ №27544 ә/б Гарнизон командирінің әскери дайындық жөніндегі орынбасары, майор	Әскери патриоттық дала жиынының әскери бөлімде және полигонда өткізілуін ұйымдастыру.	+7 702 600 1472	
Джайылханова Амангүл Абдуалиевна «Қоғамдық келісім» КММ мекемесінің директоры	жоба кезеңінде команда жұмыс жасайтын кеңселік жайды бөлді	+7 701 158 5252	
Сабигат Ерлан Алдажарұлы №25425 әскери бөлімі командирінің тәрбие және идеология жөніндегі орынбасары -	Оқушылардың экскурсиясын ұйымдастыруға атсалысты	+7 707 789 0929	
Досщанов Алибек Агманович №29011 әскери-теңіз базасының әскери оркестрі. Әскери дирижер - лейтенант	Әскери оркестрдің концертін ұйымдастырды	+7 778 380 3887	
Таласбай Ағлен	Патриоттық әндер, тарихи тұлғалар өмірінен шағын	+7 775 169 3538	

Айрық қоғамдық қоры директоры	көріністер байқауын ұйымдастырды		
Ахметова Жібек Маңғыстау облыстық Азаматтық Альянсы ЗТБ	Әскери дала жиыны әс-шарасын ұйымдастыру барысында көмекші ассистент алуымызға қолдау көрсетті	+7 702 517 6605	
Ізбасаров Бекболат Оразбайұлы Маңғыстау облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысы	Әскери дала жиыны кезінде жедел жәрдем қызметін қамтамасыз ету	+7 747 688 4313	
Ақтау қалалық полиция басқармасының бастығы А. Касанов	Әскери бөлімдерге экскурсия, әскери дала жиынына баратын автобустардың барып қайтудағы жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жол патрульдік қызметімен қамту	+7 (7292) 47–47–15 +7 (7292) 47–47–14	

Мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының тізбесіне енгізу үшін ұсыныстар:

№	Мемлекеттік грант саласы	Мемлекеттік гранттың ұсынылатын басым бағыты	Грантты іске асыру шешуі тиіс мәселенің қысқаша сипаттамасы	Қаржыландыру көлемі (мың теңге)	Грант түрі	Күтілетін нәтиже
	Әскери патриоттық тәрбие	Жастары мен жасөспірімдеріне әскери-патриоттық тәрбие беру	Жастар мен жасөспірімдердің (ер бала) отанға қызмет ету құлшынысын, білім беру ұйымдарындағы бастапқы әскери дайындық пәнінің әскерге дайындығын, сапасын арттыру. Экскурсия, әскери дала жиыны, әскери спорттық сайыс, әскери патриоттық әндер байқауы, тарихи тұлғалар өмірінің шағын көріністер байқауын ұйымдастыру.	45 000 000	Ұзақ мерзім 3 жылдық	Патриоттық тәрбие беру шаралары жастар мен жасөспірімдердің отанға қызмет етуге деген сезімін оятады. Шараға Ақтау қаласында орналасқан колледж мен мектептердің 500-ге жуық студенттер мен оқушылар қатысады.

